

**"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы  
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 2 маусымдағы № 439 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 701 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) тікұшақ қызметтерін ұсыну жөніндегі бірыңғай операторды айқындайды;"

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) төтенше жағдайлар аймағындағы халықтың ең төмен тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету нормаларын бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 29-1) тармақшамен толықтырылсын:

"29-1) адамдарды құтқару үшін, аса қажет болған жағдайда төтенше жағдайлар аймағындағы ұйымдардың байланыс, көлік құралдарын, мүлкі мен өзге де материалдық құралдарын пайдалану тәртібін белгілейді;"

мынадай мазмұндағы 55-1) тармақшамен толықтырылсын:

"55-1) өртке қарсы мемлекеттік емес қызмет міндетті түрде құрылатын ұйымдар мен объектілердің тізбесін бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 67-1) тармақшамен толықтырылсын:

"67-1) мемлекеттік өртке қарсы қызмет өрттерден қорғайтын аса маңызды мемлекеттік меншік объектілерінің тізбесін әзірлейді және бекітеді;"

90) тармақша алып тасталсын;

92) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"92) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік инспекторлардың актілерінің нысандарын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 94-1), 94-2), 94-3), 94-4), 94-5), 94-6), 94-7), 94-8), 94-9), 94-10), 94-11), 94-12), 94-13), 94-14), 94-15), 94-16), 94-17), 94-18), 94-19) және 94-20) тармақшалармен толықтырылсын:

"94-1) уранды геологиялық барлау, өндіру және қайта өңдеу кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

- 94-2) фторлы сутек қышқылын өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-3) иондаушы сәулелендіру көздерімен жұмыс істеген кезде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-4) бериллий, оның қосылыстарын және олардан бұйымдар өндіру кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-5) мұнай-химия, мұнай өңдеу салаларындағы қауіпті өндірістік объектілер, мұнай базалары және автожанармай құю станциялары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-6) өсімдік шикізатын сақтау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-7) өнеркәсіптің химия саласындағы қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-8) қара, түсті, бағалы металдардың балқымаларын және осы металдардың негізінде алынатын қорытпаларды өндіру бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-9) пайдалы қатты қазбаларды қайта өңдеу жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-10) қауіпті өндірістік объектілердің қалдық және шлам шаруашылықтары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-11) көмір шахталарының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-12) тау-кен және геологиялық барлау жұмыстарын жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-13) өнеркәсіптің мұнай және газ салаларының қауіпті өндірістік объектілері үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-14) теңізде мұнай операцияларын жүргізуді жүзеге асыратын қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-15) газдарды дайындау және қайта өңдеу бойынша қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-16) қысыммен жұмыс істейтін жабдықтарды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;
- 94-17) жүк көтергіш механизмдерді пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-18) компрессорлық станцияларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-19) жарылыс жұмыстарын және өнеркәсіптік мақсаттағы жарылғыш материалдармен жұмыс жүргізетін қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

94-20) магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 184-1), 184-2), 184-3) және 184-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"184-1) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілейді;

184-2) климаттық қатерлерден болатын дүлей зілзала тәуекелдерін бағалауды өз құзыреті шегінде жүргізеді;

184-3) климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі, оның ішінде жаңа тәуекелдерді болғызбауға, қазіргі қауіптілікті төмендетуге және орнықтылықты нығайтуға бағытталған шараларды өз құзыреті шегінде және басымдылықты ескере отырып жүзеге асырады;

184-4) өз құзыреті шегінде іске асырылатын климаттың өзгеруіне бейімделу жөніндегі шаралардың тиімділігіне мониторинг пен бағалауды жүзеге асырады және осы шараларды түзетеді;"

206) және 207) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"206) мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындаған мұнай өнімдерін беру жөніндегі бірыңғай оператордан мұнай өнімдерін сатып алады;

207) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен жою және олардың салдарын бағалау үшін Жерді қашықтан зондтау деректерін пайдаланады;"

мынадай мазмұндағы 207-1) тармақшамен толықтырылсын:

"207-1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп мұнайдың төгілуіне сезімталдық картасын және экологиялық сезімталдық индексін әзірлеуге, айқындауға және келісуге қатысады;"

мынадай мазмұндағы 217-1) тармақшамен толықтырылсын:

"217-1) объектілік кәсіби авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарын құру, орнын ауыстыру, қайта бейіндеу немесе тарату туралы ұйымдар басшылығының шешімдерін келіседі;"

222) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"222) жаңарту тәртібімен мемлекеттік материалдық резерв жүйесінің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешімдер қабылдайды;"

мынадай мазмұндағы 227-1) тармақшамен толықтырылсын:

"227-1) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жөніндегі мемлекеттік инспекторлардың аудио-, бейнежазба техникалық құралдарын пайдалану жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 249-1) тармақшамен толықтырылсын:

"249-1) мемлекеттік материалдық резерв саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырады және іске асырады;"

мынадай мазмұндағы 262-1) тармақшамен толықтырылсын:

"262-1) мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарының бар-жоғы және қозғалысы туралы есептерді дайындау және ұсыну қағидаларын бекітеді;"

мынадай мазмұндағы 263-1) және 263-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"263-1) қарыз беру тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдайды;

263-2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша құрту, кәдеге жарату үшін броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару туралы шешім қабылдайды;"

284) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"284) қауіпті өндірістік объектілерде оқу дабылдарын өткізуге қатысады;"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*Ә. Смайылов*